
ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы
№ 1 ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

Өткізілген уақыты: 29 тамыз 2025 жыл
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы:«Жаңа оқу жылының жұмыс барысы»



2025-2026 оқу жылы

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КЕЗЕКТІ ОТЫРЫСЫ.

ХАТТАМА №1

Өткізілген уақыты: 29 тамыз 2025 жыл
Түрі: дәстүрлі
Тақырыбы: «Педагогикалық старт: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын ескере отырып, 2025-2026 оқу жылына мектепке дейінгі ұйымның қызметін ұйымдастыру және жоспарлау»
Мақсаты: мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық қызметкерлерін 2025-2026 оқу жылына арналған ҚР мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық-әдістемелік хатпен таныстыру, жаңа оқу жылындағы мектепке дейінгі ұйым жұмысының басым бағыттарын талқылау.
Барлық педагогтар саны: 5
Қатысқан педагогтар саны: 5

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕСТІҢ КҮН ТӘРТІБІ:

1. Жазғы сауықтыруды ұйымдастыру нәтижелері.
2. 2025- 2026 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын қарау және қабылдау:
- МДҰ дамуының негізгі басымдықтарын талқылау;
- «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын ұйымдастыру және іске асыру;
- педагогикалық қызметкерлерді аттестаттау.
3.Бекіту:
- ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жоспары, күн тәртібі;
- педагогтердің перспективалық жоспарлары;
- 2025-2026 оқу жылына педагог қызметкерлердің өз білімін жетілдіру бағытындағы жоба тақырыптары;
- жаңа оқу жылына педагогикалық кеңестің хатшысын сайлау;
- аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлау;
- шығармашылық топтардың құрамын бекіту;
- білім беру ұйымындағы психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарын бекіту;
- ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жылдық жоспарды бекіту;
5.Ата-аналармен (заңды өкілдермен) жүргізілетін жұмыс жоспарын қарау және бекіту.
6. Педагогикалық кеңес шешімі.

КЕЛЕСІ ПЕДКЕҢЕСКЕ ТАПСЫРМА: «МДҰ инновациялық ортасында оқытудың заманауи құралдарын пайдалану»

1.ТЫҢДАЛДЫ:

Бірінші болып балабақша басшысы сөз сөйледі. Жазғы кезеңде барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымдастырылғанын және өткізілгенін атап өтті.

Балабақша медбикесі сөз сөйледі. Балабақша медбикесі балабақшада жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру бойынша жұмыс Мектепке дейінгі ұйымдарда жазғы сауықтыру кезеңін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес жүзеге асырылғанын атап өтті. Ол жазғы кезеңде өткізілген сауықтыру іс-шаралары

туралы есеп беріп, осы жазда шуақты күндердің көп болуына байланысты олардың жақсы шынығуына ықпал еткенін айтты. Жазғы алаңда таңертең күнделікті түрде гимнастика жасалды. Жазғы іс-шараларды және белсенді демалысты ұйымдастыру үшін мерекелер мен ойын-сауықтарды өткізудің жоспар-кестесі құрылды. Су ішу режимі сақталды. Балалардың таза ауадағы қозғалыс белсенділігі ойындарымен қамтамасыз етілді, құм және сумен, спорттық құралдармен ойнауға арналған ойыншықтарды сыртқа шығару ұйымдастырылды.

ШЕШІМ:

1. Жазғы сауықтыру кезеңінде баалабақшаның педагогикалық ұжымының жұмысы қанағаттанарлық деп есептелсін:

2.ТЫҢДАЛДЫ:

Екінші мәселе бойынша педагогикалық кеңеске қатысушыларды жылдық міндеттер, жұмыстың тәрбие-білім беру процесінің негізгі бағыттары және 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық міндеттерді орындау бойынша әдістемелік жұмысты ұйымдастыру, оның ішінде ҚР ОАМ 30.07.2024ж. №194-бұйрығымен бекітілген «Біртұтас тәрбие» бағдарламасының жаңартылған мазмұнымен таныстырды. «Біртұтас тәрбие» бағдарламасында балалардың кешенді қауіпсіздігін ұйымдастыруға ерекше мән берілген: педагогтер мен ата-аналар нені білуі керек? Сондай-ақ, жылдық жұмыс жоспарында педагог қызметкерлерді жаңа жүйе бойынша аттестаттауға ерекше назар аударылатынын және осы бағыттағы жұмыс жаңа оқу жылында жалғасатынын атап өтті.

ШЕШІМ:

2. Балабақшаның 2025 – 2026 оқу жылына арналған жылдық жоспар бекітілсін.

3.ТЫҢДАЛДЫ:

Үшінші мәселе бойынша балабақшаның 2025-2026 оқу жылына арналған тәрбиелеу мен оқыту жұмысының жылдық жоспарын, педагогтердің жылдық жоспарларын, оқу жоспарын, балалардың күн тәртібін, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесін талқылады. Сонымен қатар, тәрбиешілердің, пән мұғалімдерінің және арнайы мамандардың жылдық жоспарлары талқыланды.

Балабақшаның оқу жоспары, ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы ҚР Оқу-ағарту министрінің 09.09.2022 № 394 бұйрығына сәйкес жасалды.

Балабақшаның күн тәртібі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығында (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 29 қазандағы № 319 бұйрығы) тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасында көрсетілген күн тәртібінің үлгісіне сәйкес жасалды.

ШЕШІМ:

- Ұйымдастырылған іс-әрекет кестесі, оқу жоспары, күн тәртібі бекітілсін;
- Педагогтердің перспективалық жоспарларын қарастырылсын және бекітілсін;
- Педагог қызметкерлердің 2025-2026 оқу жылына арналған өз білімін жетілдіру бағытындағы жоба тақырыптары бекілітсін;
- Педагогикалық кеңестің хатшысы тағыйындалсын;
- Шығармашылық топтардың мынадай құрамы бекітілсін;
- Аттестаттау комиссиясының мүшелерін сайлансын;
- Психологиялық - педагогикалық қолдау қызметінің жоспарын бекітілсін;

- Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған жылдық жоспарды бекітілсін.

4.ТЫҢДАЛДЫ:

Төртінші мәселе бойынша балабақшаның Жылдық жоспары мен «Біртұтас тәрбие» бағдарламасын жүзеге асыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыруға назар аудару қажеттігі ескертілді.

ШЕШІМ:

4. Әр топтың циклограммасын құрастыру кезінде ата-аналармен (заңды өкілдермен) жұмысты ұйымдастыру жөніндегі міндеттерді сапалы түрде жүзеге асырылсын.

Басшы: Естемесова Н.

ЖШС "ALTAIR kids" балабақшасы

2025-2026 ОҚУ ЖЫЛЫНДА МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ ӘДІСТЕМЕЛІК НҰСҚАУ ХАТТАҒЫ ЕРЕКШЕЛІКТЕР



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМНЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

- ✓ **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗ БОЛУЫН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ;**
- ✓ **МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ;**
- ✓ **БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ;**
- ✓ **АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ**



МДҰ балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету үшін:


- МДҰ-да тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру үшін алдымен тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортаның құрылуына ерекше назар аудару қажет;
- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
- тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау;
- Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
- - тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету;
- - басшы қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту керек;
- - алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау.



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДА ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

- 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);
- 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.
- *Тәрбиелеу-білім беру процесі:*
- перспективалық жоспарға;
- - циклограммаға сәйкес жүзеге асады. Үлгілік бағдарламаның мазмұнын меңгерту бойынша мониторинг жүргізіледі.



БАЛАЛАРҒА ҚАЗАҚ ТІЛІН ҮЙРЕТУ

2022 жылдаң бастап ҚР ОАМ 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына сәйкес оқыту мемлекеттік тілде жүргізілетін топтарда үш жастан бастап мемлекеттік тілді терендетіп үйрету үшін «Қазақ тілі» ұйымдастырылған іс-әрекеті еңгізілді. Осыған сәйкес Үлгілік бағдарламада қазақ тілін меңгерту үшін балалардың жастарына сәйкес қазақ тілін үйрету бойынша мазмұн және сөздік минимум берілді.

Қазақ тілін үйретудің міндеттері:

1. Сөздік қорды байыту.
2. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту.
3. Сөйлемдер құрастыру.
4. Байланыстырып сөйлеуді дамыту.
5. Балаларды қазақ халқының мәдениетімен (дәстүрлерімен, ұлттық киімдерімен, мерекелерімен) таныстыру.



Орыс тілінде оқытатын топтардағы балаларға қазақ тілін үйрету үшін: - «[illegible] бойлау» бағдарламасы (5-қосымша)

АТА-АНАЛАРМЕН ЖҰМЫСТЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

Ата-аналармен жұмыста баланың әлеуметтік жағдайын, отбасы тарихын, мәдени ерекшеліктері мен дәстүрлерін, мінезі мен ерекшеліктерін ескеру қажет.

Ата-аналардың педагогикалық құзыреттілік деңгейін арттыру, МДҰ қызметіне тарту, ата-аналармен жұмыс жасауда отбасылық дәстүрлердің тәжірибесін тарату үшін жұмыстың интерактивті форматын:


- тренингтер, семинарлар, «игі істер күндері» түрінде ата-аналар жиналыстарын өткізу;
- ата-аналардың қатысуымен педагогикалық кеңес;
- ата-аналар дәрістері, конференциялары;
- ата-аналармен бейресми байланыс орнатуға бағытталған дәстүрлі емес қарым-қатынас нысандары – сауалнама, тесттер, анкета жүргізу, «сенім телефоны»;
- жеке және топтық консультациялар;
- проблема бойынша пікірталастар;
- «ауызша журналдар»;
- «Ашық есік күндері»;
- «Әжелер мектебі», «Аналар мектебі», «Әкелер мектебі»; және басқаларын қолдану ұсынылады.



Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру.

2025-2026 оқу жылында МДҰ мен мектепалды сыныптары тәрбиелеубілім беру процесін жүзеге асыруда келесі нормативтік құқықтық актілерді басшылыққа алады:

1. Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексі
2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
3. «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
4. «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
5. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
6. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы
7. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы
8. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі
9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты
10. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары
11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламалары
12. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары
13. Мектепке дейінгі ұйымдарға және сәбилер үйлеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары
14. Мемлекеттік білім беру ұйымдары қызметкерлерінің үлгі штаттары
15. Еңбек нарығының қажеттіліктерін ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білімі бар кадрларды даярлауға, сондай-ақ мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуға, орта білім беруге және балаларға қосымша білім беруге мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидалары
16. Мектепке дейінгі ұйымдарға арналған білім беру қызметін көрсетудің үлгілік шарты
17. Педагог лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамалары
18. Мектепке дейінгі, орта білім беру ұйымдарын, сондай-ақ арнайы білім беру ұйымдарын жабдықтармен және жиһазбен жарақтандыру нормалары
19. Мектепке дейінгі білім беру саласында мемлекеттік қызметтер көрсету қағидалары
20. Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесі
21. Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі
22. Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері
23. Мектепке дейінгі ұйымдарда Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың үлгілік қағидалары және оны сайлау тәртібі
24. Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарақтау стандарттары және оларға қойылатын талаптар
25. «Үздік педагог» атағын беру қағидалары
26. Педагогтерді аттестаттаудан өткізу қағидаларымен шарттары
27. Педагогтік қайта даярлау қағидалары
28. Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары
29. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту, бастауыш, негізгі орта, орта білім беру ұйымдарында педагогикалық кеңес қызметін ұйымдастырудың және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидалары
30. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, орта білім беруді, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру қағидалары
31. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, орта білім берудің, сондай-ақ кредиттік оқыту технологиясын ескере отырып, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беруді жан басына шаққандағы нормативтік 7 қаржыландыру әдістемесі
32. Өрт қауіпсіздігі қағидалары
33. Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы қызметті жүзеге асыратын террористік тұрғыдан осал объектілерінің терроризмге қарсы қорғалуын ұйымдастыру жөніндегі нұсқаулық



НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!